**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 наурыздағы N 304 қаулысына өзгерту енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 ақпандағы N 179

Екінші деңгейдегі банктердегі мемлекеттік үлестерді жекешелендіру процесін одан әрі жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Екінші деңгейдегі банктердегі мемлекеттік акция пакеттерін басқаруды ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 наурыздағы N 304 P950304_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 9,

109-құжат) мынадай өзгерту енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Екінші деңгейдегі банктердің жарғылық қорына акциялардың мемлекеттік бақылау пакеттерімен қоса, қаражат және мүлік енгізген мемлекеттік кәсіпорындар мен кәсіпорындар, екінші деңгейдегі банктердің жарғылық қорына енгізілген активтер сомаларына кемітулер жүргізсін".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК